

**Қазақстан Республикасы Ата Заңның 25 жылдығына арналған
«Елдің асыл тірегі - Ата заң»
әдеби шығармашылық облыстық конкурсының
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ата Заңның 25 жылдығына арналған «Елдің асыл тірегі - Ата заң» атты балаларға арналған әдеби шығармашылығының облыстық конкурсын М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы өткізеді.

1.2 Конкурстың мақсаты:

- Павлодар облысының білім беру мекемелері арасында дарынды автор оқушыларын анықтау және қолдау;

1.3 Конкурстың міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамыту;
- балалар мен жасөспірімдерді әдеби шығармашылықпен айналысуға тарту;
- талантты балаларды қолдау және іздеу.

1.4 Конкурс ұйымдастырушысы:

М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы

1.5 Конкурс қатысушылары

Конкурсқа облыстың білім беру ұйымдарының, балаларға арналған шығармашылық бірлестіктердің, қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Конкурс келесідей жас шамалары бойынша өткізіледі:

жасы кіші топ - 7 - 10 жас аралығындағы балалар;

жасы орташа топ - 11 - 14 жас аралығындағы балалар;

жасы ересек топ - 15 - 18 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Конкурс екі номинация бойынша жүргізіледі:

- «Поэзия» номинациясы - балалар мен жасөспірімдердің патриоттық және рухани-адамгершілік бағытындағы өзінің жеке өлең шығармашылығы.
- «Проза» номинациясы - балалар мен жасөспірімдердің конкурс тақырыбына түрлі жанрдағы прозалық шығармалары.

Жұмыстар мемлекеттік және орыс тілінде орындалады.

1.6 Конкурстың қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына Павлодар облысы білім беру басқармасының мамандары, Павлодарлық Ертіс өңірінің атақты ақындары мен жазушылары, ЖОО оқытушылары кіреді.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

2.1 Конкурстық жұмыстар жеке орындалып, бір автордан бір ғана номинация бойынша жұмыс қабылданады.

2.3 Конкурс үш кезеңді қамтиды.

Бірінші кезең: конкурс жұмыстарын қабылдау. Өткізу мерзімі: **1 – 30 қазан 2020 ж.**

Екінші кезең: Қазылар алқасының жұмысы. Өткізу мерзімі: **1 – 5 қараша 2020 ж.**

«Твой мир - Сенің әлемің» газетінде жеңімпаздардың жұмысы жарияланады.

2.4 Жұмыстар электрондық түрде aipova-0583@mail.ru мекен-жайына жіберіледі.

2.5 Конкурс ережесі және қазылар алқасының құрамы, қортындысы <http://dshk.kz/> сайтына жүктеледі.

3. Конкурс жұмыстарына қойылатын талаптар

3.1 Жұмысты рәсімдеу.

Жұмыс баспа және электрондық түрде қабылданады. Мәтіндік материал Microsoft Office Word, шрифт Times New Roman, 14 кегль шрифты орындалады, интервалы-1,5. Мәтіннің көлемі үш баспа беттен аспауы тиіс (формат А-4).

Титул парағында автор туралы мына мәліметтер болуы тиіс: Т.А.Ә., жасы, оқу орны, номинация, шығарманың аты, байланыс телефондары, мұғалім, жетекші немесе ата-анасының Т.А.Ә. үйінің мекенжайы және телефоны.

3.2 Шығармашылық жұмыстардың мазмұны

Байқауға кез-келген әдеби форма мен жанрдағы түпнұсқадағы поэзия мен проза шығармалары ұсынылады.

3.3 Шығармашылық жұмыстардың бағадау критеріі:

Тақырыпты ашу;

Сюжеттің құрылымы;

Тіл ерекшеліктерінің стилі;

Мәнерлілік пен бейнелік.

Таңдалған жанрға сәйкес келу

3.4 Автордың шығармашылық жұмыстары

Автордың шығармашылық жұмыстары бұрын жарияланбауы және мұндай байқауларға қатысуы керек. Жазған күнін көрсету керек.

3.5. Ұлттық, әлеуметтік, діни араздықты насихаттайтын, сондай-ақ этикалық, моральдық және құқықтық нормаларды бұзатын жұмыстар конкурсқа жіберілмейді.

3.6 Интернеттегі материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

3.7 Қазылар алқасының қарауына ұсынылған материалдар қайтарылмайды немесе қаралмайды. Егер автор қатысу шарттарын сақтамаса, ұйымдастырушылар туындыны қарастырмауға құқылы.

4. Конкурстың қатысушыларын марапаттау тәртібі

4.1 Мемлекеттік және орыс тілінде әрбір номинация бойынша жеңімпаздар анықталады.

4.2 Жеңімпаздар және жүлдегерлер дипломдармен (1,2,3 орын) және сыйлықтармен марапатталады .

4.3 Жеңімпаздардың дипломдары М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының <http://www.dshk.kz/> сайтына жүктеледі.

5. Байланыс үшін ақпарат

Байланыс телефондары: 32-85-12, 9.00 дан 18.00-ге дейін

Конкурс үйлестірушісі: М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері - Аипова Асем Сериковна